



ҚАЙСЫСЫ ТИІМДІ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ДАРХАН ДАРИЯ ДАНАГӨЙ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ӘЛЕМ ҮЗДІГІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Мектепте оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін дәрістер оқытылуға тиіс. Жастар ақпаратты қорыта білуді, уақытын дұрыс пайдалануды, қаржы сауаттылығын мектеп қабырғасынан біле бастауы қажет. Елімізде отаншыл, жасампаз, батыл, дарынды, білімді, озық әрі еңбекқор жандар өте көп. Мен осындай азаматтарды көргенде болашағымыздың жарқын боларына зор сеніммен қараймын. Тәуелсіз Қазақстанда рухы азат, көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақ өсіп келеді. Олар ғылым-білім, музыка, кино, спорт және басқа да салаларда табысқа жетіп, бүкіл әлемге танымал бола бастады.

№101
(4534)
Сенбі
26 тамыз
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




4

САПАЛЫ БІЛІМ – ТАБЫСТЫ ҰЛТ

Әділетті Қазақстан қоғамына батыл қадам басқан қазіргі кезеңде білім сапасын көтеруге ерекше маңыз беріліп отыр. Дәстүрлі білім беру қызметкерлерінің биылғы тамыз кеңесінің басты тақырыбы мектеп оқушыларының білім сапасын көтеруге, жас ұрпақты адалдыққа тәрбиелеуге, табысты ұлт болуға үндеуге бағытталды. Жаңа форматта өткен кеңесте білім саласындағы жүйелі мақсаттар мен міндеттер айқындалып, ақжолтай жаңалықтар жарияланды.

ДЕКЛАРАЦИЯНЫ ҰМЫТПА!

Бүгінгі таңда халықтың табысын декларациялау жүргізіліп жатыр. Қағаз түрінде декларация тапсыру 15 шілдеде аяқталса, электронды түрдегі декларация 15 қыркүйектен кешіктірмей табысталуға тиіс.



2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне кірген мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен олардың жұбайлары, квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері және олардың жұбайлары 2023 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (250.00-нысан) ұсынады.

Декларацияны ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Бірінші рет ескерту беріледі, екінші рет салық салушылар декларацияны ұсынбағаны үшін 15 АЕК, бұған қоса, салық салу нысандарын жасыру кезінде төленбеген салықтар сомасының 200 пайызы мөлшерінде және егер мұндай бұзушылық қайталанса, 300 пайыз мөлшерінде айыппұл көзделген.

АСТАНА 2035 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Кеше елордалықтар Жастар сарайына жиналып, Астананың 2035 жылға дейінгі бас жоспарына қатысты қорытынды қоғамдық талқылауға қатысты.



3

Жиын барысында елорда тұрғындарын бас қаламыздың келешегі ерекше толғандыратыны аңғарылды. Қорытынды талқылауға дейін қала тұрғындарынан күніне 50-ге жуық ұсыныс-пікір түсіп тұрған.

Көпшіліктің талқылауынан өткен Астана қаласының 2035 жылға дейінгі даму жобасы 2 миллион 275 мың тұрғынға арналып жоспарланған.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Астана қаласы Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясының ұйымдастыруымен Конституция күніне орай бәйге түрлерінен республикалық турнир өтеді.

АЛАМАН БӘЙГЕ ӨТЕДІ

Мерекелік жарыста 11 шақырымдық «ұшқыр» бәйге, 18 шақырымдық «топ» бәйге және 25 шақырымдық «аламан» бәйге бойынша сайыс болады. Жарыстың жалпы жүлде қоры – 20 миллион теңге.

Сәйгүліктер сайысы 30 тамыз күні «Қазанат» ипподромында

сағат 11:00-де басталады.

Құрметті елорда тұрғындары мен қала қонақтары! Қазақстанның барлық өңірінен келіп, Ұлы даланы ат дүбіріне бөлейтін бәйгені көріңіздер, жанкүйер болыңыздыр. Кіру тегін.





ЭМОМАЛИ РАХМОН – АСТАНАДА

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон жұмыс сапарымен Астанаға келді. Мәртебелі мейманды елорда әуежайында Мем-

лекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қарсы алды. Сапар аясында президенттер жоғары деңгейде екіжақты кездесулер

өткізеді және Тәжікстанның Қазақстандағы мәдениет күндері аясында өтетін іс-шараларға қатысады.

ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТАТЫН ЖОЛ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 15-інші БРИКС саммиті аясында Йоханнесбургте өткен мемлекеттер басшыларының «БРИКС Плюс» диалогы отырысына бейнебайланыс арқылы қатысты. Президент форумда Шанхай ынтымақтастық ұйымының қазіргі төрағасы ретінде сөз сөйледі.

Өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Африка Республикасының Президенті Сирила Рамафосаға шақырту үшін алғыс айтты. Сондай-ақ бүгінгі саммит БРИКС-тің рөлін елеулі түрде күшейтіп, жаһандағы көптеген өзекті мәселені шешуге ықпал ететінін атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл маңызды шара халықаралық аренадағы жағдай шиеленіскен кезеңде өтіп жатыр. Оның сипаттары саяси қысым жасаудан, конфронтациядан және жаппай санкция салудан көрінеді. Бұл ретте Президент өңіраралық ынтымақтастықтың перспективасы жөнінде өз көзқарасын білдірді.

«Бүгінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының уақыт өткен сайын артып келе жатқан беделі кең көлемде мойындалып отыр. Ұйым адами ресурстары, табиғи байлығы және технологиялық әлеуеті орасан зор, экономикасы қарқынды дамып келе жатқан елдерді біріктіреді. Қазақстан, Ұйымның негізін қалаушылардың бірі ретінде, өзінің төрағалық ету кезеңінде ШЫҰ-ны алдымыздағы сын-қатерлерге төтеп беретін анағұрлым тиімді алаңға айналдыруды көздеп отыр. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы көпжақты қарым-қатынасты және өңірлік деңгейдегі ынтымақтастықты дамытуда мол тәжірибе жинады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БРИКС пен ШЫҰ-ға ортақ мүдделер мен басымдықтарды ескере отырып, Президент мынадай негізгі бағыттар бойынша күш біріктіруді ұсынды.

«Біз бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздіктің БҰҰ Жарғысына негізделген лайықты формуласын іздеуіміз керек. Осы мақсатта мен биылғы ШЫҰ саммитінде

«Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастама көтердім. Бұл бастама жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау ісін ілгерілетуге, сондай-ақ анағұрлым рационалды әлемдік саяси және экономикалық тәртіпті қалыптастыруға бағытталған» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, БРИКС және «БРИКС Плюс» құрамындағы серіктестер осы бастаманы жүзеге асыру ісінде бірлесе әрекет ете алады. Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ, БРИКС және «БРИКС Плюс» құрамындағы елдердің өте маңызды саналатын цифрлық орта, электрондық коммерция, киберқауіпсіздік салаларындағы әлеуеттерін біріктіріп, ақпарат алмасу ісін кеңейтуді ұсынды. Сондай-ақ Президент барша серіктестерді «Солтүстік-Шығыс» және «Шығыс-Батыс» көлік дәліздеріне қатысты экономикалық, сауда, көлік және инвестициялық жобаларды бірлесе жүзеге асыруға шақырды.

«Аса маңызды «Бір белдеу – бір жол» бастамасын толықтыратын Транскаспий халықаралық көлік дәлізі сауда саласындағы ынтымақтастыққа кең мүмкіндік ашады. Мұндай ықпалдастық өңіраралық сауда-саттықтың дамуына және біздің аймақтардың көлік-транзит әлеуетін толық танытуға септігін тигізеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы әлемдегі климаттың өзгеруі проблемасына тоқталды.

«Климаттың өзгеруі жаһандық ауқымдағы теріс салдарға әкеліп соғатыны баршамызға мәлім. Соңғы бірнеше жылда Жаһандық Оңтүстік және Орталық Азия елдерінде өте қатты қуанышылық белең алып, басқа да табиғи апаттар жиілеп

кетті. Осыған орай Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымында 2024 жылды «Экология жылы» деп жариялауды ұсынып, осы өзекті проблеманы шешу жолындағы ортақ күш-жігерді ұйымдастыруға дайын екенін білдірді. ШЫҰ-ның Экология жылын өткізу жөніндегі іс-қимыл жоспары – уақытылы көтерілген бастама. Бұл бастама БРИКС-ке мүше мемлекеттер тарапынан да қолдау табады деп үміттенемін» деді Президент.

Мемлекет басшысы сондай-ақ жаһандық күн тәртібінде айрықша маңызға ие бола бастаған азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін көтерді. Президент бүгінде әлемдегі азық-түлік өндіруші төрт ірі елдің үшеуі – БРИКС мүшелері екеніне, ал БРИКС елдерінің ауыл шаруашылығы саласындағы ЖІӨ-нің жиынтық мөлшері әлемдік көрсеткіштің жартысынан асатынына назар аударды. Осыған байланысты елдеріміз арасындағы азық-түлік теңгерімсіздігін азайту үшін тиісті шаралар қабылдау қажет екенін айтты.

«Біз әлемдегі азық-түлік пен тыңайтқыш жеткізу ісіне саясатты арналастырмай, оларды кез келген санкциялар мен шектеулер ықпалынан босатуымыз керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның БРИКС елдерімен және Африка одағымен көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылатынын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан қатысушы мемлекет ретінде БРИКС әлеуетін арттыруға үлес қосқысы келеді.

«Мен жаһандық қауіпсіздікті, орнықты дамуды және инклюзивтілікті қамтамасыз етуге бағытталған ұжымдық күш-жігерді арттыру қажет екеніне сенімдімін» деді Президент.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында Pitch Day деп аталатын кездесу туралы ақпарат жариялады. Бұл жиынға қатысушылар елорданың денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, тұрғындардың қауіпсіздігі және т. б. салаларды цифрландыруға бағытталған 10 IT-жобаны таныстырды.

«Цифрлық технологиялар – бүгінде күнделікті өмірімізді жайлы ететін инфрақұрылымның ажырамас бөлігі. Қалалық орта дамуы үшін инновацияның жолымен жүруі керек. Біз үшін мұндай алаңдар – инновациялық идеялар мен ұсыныстар талқыланатын жер ғана емес әрі сол жобалар қолдау табатын және іске асырылатын орын. Осыған

дейін қала бірқатар жобаға, соның ішінде «Қолжетімді аула» бойынша, сондай-ақ білім беру, медицина және т. б. салаларда қолдау көрсетті» деді әкім.

Жеңіс Қасымбек ұсынылған жобаларды егжей-тегжейлі зерттейтінін айтты.

«Сондай-ақ Pitch Day қатысушыларымен бірлесіп, қалалық қызметтеріміздің жұмысын

жүйелендіруге және оңтайландыруға мүмкіндік беретін жобалар құру бойынша жұмыс істейміз. Бірегей инновациялық идеялары мен жобалары бар IT-мамандар, біздің профильді басқарамыздың форумдарының қатысушысы бола аласыздар. Біз қолдау көрсетуге және бірлесіп жұмыс істеуге қашанда дайынбыз» деп сөзін түйіндеді қала басшысы.



ЖЕЛІЛЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРДІ

Астаналық мәслихат депутаттары алдағы қысқы жылыту маусымына дайындық аясында жылумен жабдықтау жүйелерінің, соның ішінде жылу электр орталықтары жабдықтау мен жылу беру желілерінің дайындығын тексерді. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Сонымен қатар резервтік және апаттық жүйелердің дайындығы бағаланды. Тексеру нәтижелері дайындық деңгейін анықтауға және қыс мезгілінде сенімді және үздіксіз жылумен қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайда қосымша іс-шаралар қабылдау

ға мүмкіндік береді. Қыстың суығына қарамастан, өткен жылғы жылу беру маусымы ескертусіз өткізілді, апаттық жағдайларға жол берілген жоқ және ең бастысы өндірістік жарақат алу жағдайлары болған жоқ. Кәсіпорында біліктілікті арттыру үшін

барлық жағдай жасалған, қазіргі заманғы денсаулық сақтау пункті ашылды. Ал кеше 24/7 режимінде жұмыс істейтін кәсіпорын қызметкерлері үшін екі деңгейдегі фитнес орталығының ашылу рәсіміне қатыстым» деп жазды Е.Каналимов.



АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2023 жылғы 29 тамызда сағат 15:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Астана қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы.
2. Астана қаласының кейбір білім беру ұйымдарына жеке адамдардың есімін беру туралы.
3. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаске-

лерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікте иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

4. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесін тағайындау туралы.
5. «Астана қаласы мәслихатының аппараты» ММ құрылымын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2021 жылғы 10 наурыздағы №22/22-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2023 жылғы қыркүйектің үшінші онкүндігінде «Астана қаласында төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жүйелі шараларды қолдану туралы» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.
Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәсе-

лелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-36, 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ ТІРЕГІ



Достық үйінде Конституция күніне арналған «Адал азамат – Ата заңның тірегі» атты конференция өтті. Оған ғалымдар, этномәдени бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйым мүшелері қатысты.

Екі жыл ішінде елде референдумға сай Президент, Парламент сайлауы өтіп, ауқымды саяси-қоғамдық өзгерістерге бағыт алдық. Сөйтіп, биліктің институттары басқаша сипатта дами бастады. Қазір шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысу мүмкіндігі едәуір кеңейіп, адам құқығы мен бостандығын қорғау жүйесі нығайды. Осының бәрі

Конституцияның негізінде жүзеге асуда. Ғалымдар мен қоғам белсенділері осы тұрасындағы өз ойын білдіріп, заң нормалары елді демократияландырудағы орнына тоқталды.

Дөңгелек үстел форматында өткен басқосуда қала әкімінің орынбасары Есет Байкен модератор болса, Сенат депутаты Евгений Больгер, Мәжіліс

депутаты Марат Башимов, Президент Әкімшілігінің Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Индира Рытина, Астана қаласы ассамблеясы ғылыми-сараптамалық тобының төрағасы Тілеген Садықов арнайы қатысты. Қазақстан заңгерлер қауымдастығының атқарушы директоры Серік Беркамалов, «Нағыз Желтоқсан» қоғамдық қорының президенті Құрманғазы Рахметов, «Радима» белорус мәдени орталығы қоғамдық бірлестігінің басшысы Дмитрий Останкович Ата заңның ел бірлігі мен берекесін арттырудағы орнын сөз етті.

ЖАТАҚХАНА ЖАҒДАЙЫН ТЕКСЕРДІ

Елімізде студент жастар жатақханаларының жетіспеушілігін жойып, олардың санитарлық талаптарға сай келмеуін түзету мақсатында Аманат партиясы жанындағы «Жастар рухы» ЖҚ елордалық филиалы жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында мониторинг жүргізеді. Тексеру рейдтерінің бірі бас шаһардағы жекеменшік Esil университетінің жатақханасында өтіп, оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты М.Бәшімов, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Е.Каналимов, Аманат партиясы елордалық филиалының атқарушы хатшысы С.Сәдуақасов және «Жастар рухы» ЖҚ елордалық филиалының төрағасы А.Мағзұм қатысты.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Жұмыс тобы алдымен ат басын бұрған Esil университетінің жатақханасы үш қабатты екен, 2008 жылға дейін бұл жерде жекеменшік қонақ үй болған. Университет ректоры Аяпберген Таубаев депутаттарды жатақхананың жағдайымен таныстырды. Айтуынша, ғимараттың жалпы ауданы 2094 ш.м., тұрғын ауданы – 1165 ш. м. Бірінші қабатта 20 бөлме, ас үйі, медицина пункті орналасқан. 18 шаршы метр бөлмелер барлық қажеттіліктермен жабдықталған: 2 үстел, 3 орындық, 4 тумбочка және киім ілетін шкафтар мен керуеуітер, бастысы, әр бөлмеде жеке-жеке душ кабинасы бар. Кір жуатын, демалатын, сабақ оқытын, ас дайындайтын бөлме мен коворкинг ортақ. Ғимараттың 1-қабатында ер балалар, 2-қабатында қыздар және жоғары қабатында магистранттар тұрады. Барлық қабатта тегін Wi-Fi бар. Әр бөлмеде үш студент тұрады.

– Бүгінде жатақханада тұруға 200-ден астам өтінім келіп түсті, олардың ішінен басымдық грант иелеріне және 1-курс студенттеріне беріледі, қалғандары тәртіп бойынша орналасады. Студенттер мұнда айына 20 мың теңге төлеп тұрады. Ал орын жетпегендер университеттің серіктестік келісімі бойынша осы маңдағы жекеменшік жатақханаға орналаса алады. Тек оның құны 10 мың

теңгеге артық. Жалпы былтырғы оқу жылында 176 орындық жатақханада 154 бала тұрды. Бұл ғимаратты алған кезде күрделі жөндеу жасалды. Қазір ағымдық жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ішкі бөңдеулер аяқталып, сыртқы жұмыстар да бітуде жақын, – деді университет проректоры Сәкен Қалқаманов.

Парламент Мәжілісінің депутаты Марат Бәшімов студенттердің үлгерімі төмендемес үшін олардың жағдайы жақсы болуы керекін алға тартты.

«Бәріміз де студент болдық. Жатақханада тұрдық. Сабақты жақсы оқу үшін, әрине, тұратын жеріңнің тыныш әрі таза болғаны жақсы. Бұл өте маңызды» деді депутат.

Ал Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов жаңа оқу жылы қарсаңында партия төрағасы Ерлан Қошановтың тапсырмасы бойынша жергілікті мәслихаттар партия филиалдарымен бірлесіп, студенттер жатақханаларының жай-күйін тексеруді дәстүрге айналдырғанын атап өтті.

– Тексеру жұмысы екі аптаға жалғасып келеді. Қазіргі уақытта қаламызда 16 жоғары оқу орны мен 33 колледж бар. Солардың барлығында 100 мыңнан астам студент оқиды. Оның 16500-ден астамы мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алуда. 14 техникалық және кәсіптік білім беру орындарында 2586 орындық жатақхана бар. Шамамен 15800 студент-

ке орын жетіспейді. Қазір инвесторлар тартып, жатақхана салу жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда 30 инвесторға 6 жоғары оқу орнының жанынан жер бөлінді. Құжаттары реттелген соң құрылыс жұмыстары басталады. Сол арқылы біз 12 мың орындық жатақхана тапшылығын жоғарымыз. Оған 1-1,5 жыл уақыт қажет, – деді Ерлан Каналимов.

Содан соң депутаттар елордадағы жоғары сауда-экономикалық колледжінің жатақханасына барды. Мұнда да қызу дайындық байқалады. Колледж директоры Мырзабек Құжымовтың айтуынша, білім мекемесі жаңа оқу жылына дайын. Ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталған.

– Жатақханада 150 балаға орын бар. Қазіргі есеп бойынша орналасатын балалар саны – 85. Студенттер үшін жататын, демалатын, ас пісіретін орында санитарлық норма сақталған, оқимын деген балаларға біздің колледж жатақханасында барлық жағдай жасалған. Жатақхана балаларды қабылдауға дайын, – деді директор.

Жатақханалардың жағдайымен толық танысқаннан кейін қалалық мәслихат депутаты, «Жастар рухы» ЖҚ елордалық филиалының төрағасы Арсланбек Мағзұм олардың барлығының жағдайы көңілден шығады деп айта алмайтынын, кейбір кемшіліктер бойынша жеке ескерту жасалғанын, олқылықтардың алдағы уақытта жойылатыны жөнінде келісілгенін жеткізді.

«НҰРЛЫ ЖҮРЕККЕ» ҚАМҚОРЛЫҚ

Мәслихат депутаттары стационар жағдайында психикалық дамуы тежелген балаларға әлеуметтік қызмет көрсететін «Нұрлы жүрек» орталығын аралап, ондағы жөндеу жұмысының барысымен танысты. Мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов аталған мекеменің кезек күттірмейтін мәселелері жақын күндері мәслихат жиынында қарастырылатынын мәлімдеді.



«Осы орталыққа медициналық жабдықтар мен арнайы жиһаз сатып алуымыз қажет. Әріптестермен бірге стационарлық бөлімшеде жөндеу жұмысының барысымен танысу барысында осындай қажеттілікті байқадық. Бүгінгі таңда мұнда 118 тәрбие алушы тұрады. Ғимараттардың аумағы заманауи спорттық көше тренажерлерімен және футбол алаңымен, баскетбол және волейбол алаңдарымен жабдықталады. Мекеменің өзекті мәселелерін жақын арада мәслихат жиынында қарастырамыз. Халық қалаулылары әлеуметтік орталыққа жиі барып тұрады. Жақында ғана орталықтың тәрбиеленушілеріне жылы киім мен қысқы аяқ киім сыйға тарттық» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Елордада бүкіл әлемге әйгілі ғалым, философ және дәрігер, ислам ренессансының өкілі Әбу Әли ибн Синаның бюсті ашылды. Тәжікстан Республикасының Қазақстандағы елшілігінің және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ашылған ескерткіш Алматы ауданындағы А.Храпатый көшесі бойындағы скверде орнатылды.

ИБН СИНА МҮСІНІ ҚОЙЫЛДЫ



Райхан РАХМЕТОВА

Салтанатты рәсімге Тәжікстан Мәдениет министрі Зүлфия Давлатзода, Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов және екі елдің өнер мен мәдениет саласындағы қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Бұл бюст Астанадағы Тәжікстанның мәдениет күндері және соған орай Тәжікстан Президенті Әмомали Рахмонның биыл 25-26 тамыз күндері Қазақстанға келген жұмыс сапары барысында ашылып отыр.

– Бүгін – еліміздің арасында екіжақты қатынастар тарихындағы

өте маңызды күн. Ибн Сина – бүкіл Орталық Азияның мақтанышы, сондықтан бұл ескерткіш еліміз арасындағы терең тарихи байланысты көрсетеді. Монументтің ашылуы – бұл Қазақстандағы Тәжікстанның мәдениет күндері аясында өтетін іс-шараның бірі. Астана, Алматы және Шымкент қалаларында кино көрсетілімдері, концерттер мен көрмелер өтуде. Ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін өткізу жоспарланған, – деп атап өтті ҚР Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов.

Ұлы ғалым және ойшылдың қола бюстін тәжік шеберлері жасаған, ал гранитті тұғырды елорда әкімдігі ұсынған. Ескерткіштің биіктігі – 3,1 м.

АСТАНА 2035 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Жалпы бас жоспарды қоғамдық талқылау 21 тамыздан бастап «Астана Бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институтында және әр ауданда жеке-жеке өтті.



«Астана Бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институты директорының орынбасары Серік Әбдірахмановтың сөзінше, тұрғындар тарапынан белсенділік байқалып, әр күн сайын 50-ге жуық ұсыныс-пікір түскен.

«Біз осы дүйсенбіден бастап тұрғындарға Астананың бас жаңа жоспарын таныстырдық. Қаламыздағы барлық 5 ауданда жеке талқылау өтті. Орта есеппен алғанда, талқылаулар нәтижесінде тұрғындардан күніне 40-50-ге жуық ұсыныс пен өтініш түсті. Өкінішке қарай, келіп түскен сұрақтардың көбі бас жоспарға қатысты емес. Олар – аудан әкімдігі қарастыратын мәселелер. Дегенмен бас жоспарды бекітетін кезде барлық сұрақ ескеріледі» деді Серік Әбдірахманов.

Қорытынды талқылау жиынына Астана қаласы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алмас Жаңбыршы да қатысып, өз ойымен бөлісті.

«Қоғамдық талқылау күндері барлығы 250-ден астам сұрақ қойылды. Оның тек 40 пайызы ғана бас жоспарға қатысты. Айтылған мәселелердің көбі аудан әкімдіктеріне қатысты сұрақтар болып шықты. Сонымен қатар біз осы аптада бас жоспарды қалалық Қоғамдық кеңесте де талқыладық. Кеңес мүшелерінен бірқатар ұсыныс-пікір алдық. Осы қоғамдық талқылаулар-

дағы бас жоспарға қатысты сұрақтарға анализ жасалады. Жыл соңына дейін Астананың 2035 жылға дейінгі бас жоспары бекітіледі» деді басқарма басшысы Алмас Жаңбыршы.

Байқағанымыздай, тұрғындар ұсынысының басым бөлігі әлеуметтік нысандардың жетіспеушілігі, балабақша құрылысының мақсатты салынуы, Кіші Талдықөл өзені маңындағы құрылыс туралы және саябақтар мен саяжайларды көбейту мәселесіне қатысты болды.

Астананың бас жоспарында урбанистер демалыс орындарының жайлылығы мен көгалдандыру мәселесіне де мұқият көңіл бөліп отыр. Бұл туралы қорытынды талқылау жиынына қатысқан қалалық Урбанистика орталығының басшысы Елнар Базыкен айтып берді.

«Қаланы көгалдандыру бойынша 2024, 2025, 2026 жылдарға арналған жоспар жасақтап жатырмыз. Онда көшелердің, қоғамдық кеңістіктердің және жағалаудың реконструкциясы көрсетілді. Бұған қатысты алдағы уақытта қоғамдық тыңдау өтеді. Біз елордадағы барлық саябақ арқылы Есіл өзеніне шығуға болатын жолдарды қарастырамыз. Осы арқылы тұрғындарға ыңғайлы тынығып, демалуға мүмкіндік жасамақпыз» деді Елнар Базыкен.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ



ТАМЫЗ КЕҢЕСІ: ЖАҢА МІНДЕТТЕР

Білім беру қызметкерлерінің дәстүрге айналған кеңесі Астанада 24-25 тамызда екі күнге жалғасты. Биылғы шара «Жайлы инфрақұрылымды қалыптастыру» бағыты бойынша «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбы аясында өтті. Тамыз кеңесінің алғашқы күні әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында басталып, келушілерге «Жайлы мектеп» жобасына арналған мектеп жабдықтары» көрмесі ұйымдастырылды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Елордалық ұстаздардың басын қосқан жиын барысында өткен оқу жылы қорытындыланып, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудағы ұстаздарды толғандырып жүрген өзекті мәселелер мен аймақтағы білім беру жүйесін жетілдірудегі негізгі мақсаттар мен міндеттер айқындалып, жалпы республикада білім саласына енгізіліп жатқан жаңалықтар таныстырылды.

Биылғы тамыз кеңесі жаңаша форматта өтті. Жылдағыдай педагогтарды бір залға жинап емес, әртүрлі тақырыптағы секциялық отырыстар ұйымдастырылды. Биыл алғаш рет дәстүрлі кеңес еліміздің барлық өңірінде бір уақытта тақырыптық бағыттар бойынша жаңа форматта өтуде. Онда өткен оқу жылының қорытындыларын, қазіргі жағдайды және жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған міндеттер айқындалды.

Тамыз кеңесінің алғашқы күні өңірлер де өз тақырыптық бағыттарына сәйкес секциялық отырысын өткізді. Қызылорда облысы «Мектепке дейінгі оқыту», Ақтөбе облысы «Ауыл мектебі», Абай облысы «Оқуға құштар ұлт», Қостанай облысы «Инклюзивтік және арнайы білім беру», Ақмола облысы «Балалардың демалуы мен сауығуы» тақырыбын қозғаса, Астана қаласы «Жайлы жағдай қалыптастыру» мәселелерін сөз етті.

1-секциялық алаң «Ата-ана және білім беру ұйымдарының рөлі: «Барлығы қамтылған» модель және бала пікірі» проблемасын қозғаса, басқа алаңдарда «Жайлы мектеп: академиялық білім және әлеуметтік-эмоционалды оқыту», «Білім берудегі инновациялар», «Жайлы мектеп: құқықтық-нормативтік база» тақырыбында білім саласының өзекті мәселелері сөз болды.

АТА-АНАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСİNДЕГІ РӨЛІ

Жалпы тамыз кеңесінің секциялық алаң отырысының бірінде ата-ана мен білім беру ұйымдарының рөлі туралы ата-аналар, республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бекдайыр Күзембай модератор ретінде жақсы пікір айтты.

Балаларды тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды игерудің маңызы туралы ҚР еңбек сіңірген қайраткері, мегажұлдыз, әнші Динаш Құдайбергннің анасы Светлана Айтбаева тәрбие мәселесін мектеп пен ұстаздарға жүктемеуге шақырды. Ол жастардың

діни көзқарасына байланысты қазақы салт-дәстүрден ажырап бара жатқанына алаңдаушылық білдірді. Осы орайда ол ұлттық құндылықтарға көбірек мән беру қажет екенін алға тартты.

ТОЛЫҚ АДАМ БОЛУ ИДЕЯСЫ ӨЗЕКТІ

«Жайлы мектеп» жобасына арналған мектеп жабдықтары көрмесі көрсетіліп, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен кеңестің пленарлық сессиясының модераторы болды.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің басқарма басшысы Қуаныш Монолбаев білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды күшейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері туралы, Астана халықаралық университетінің педагогика институты директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Жанна Ахмадиева «Елорда үшін педагогикалық білім», Ташкент қаласынан келген отандасымыз «International Talent Academy» бас директоры Арсен Байтуков «Мектеп директоры – өзгерістер көшбасшысы» тақырыбында баяндама жасаса, Алматы қаласынан келген «Жаңа ұрпақ» мектебінің негізін қалаушы, білім саласының коуч-тренері Асхат Абжанов саналы ата-ана болудың алғышартын атап, отбасы құндылығы туралы сөз етті. «Бала – бізге Жаратқандан берілген кітап, оны сақтап, қолдайық» деді.

– Гуманитарлық педагогика даналыққа, балалармен әр кездесу кезінде эмоцияларды жетік меңгеруге шақырады. Асхат Абжанов отбасы құндылығы туралы, бала тәрбиесіне қатысты күнделікті өмірімізден қызықты жайттардан мысал келтірді. Бұл Абайдың толық адам туралы айтқанымен үндес келетіндей, – деді Есет Берікұлы.

Абай ілімі бойынша әуелі «жарым адамнан» «адам» сатысына көтеріліп, содан кейін ғана «толық адам» сатысына жетуге болады. Бұл саты – көпшілік қауым көтеріле алмайтын, тек қана ұмтылатын меже, рухани жаңғырудың нысанасы ғана. Ерекше қасиеті бар адамдар ғана көтерілетін өте жоғары деңгей. Шындығында да, қазіргі педагогикада Абайдың «толық адам» іліміне ерекше көңіл бөліне бастағанын байқауға болады.

Жиында сөз алған Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев елордадағы тиімді білім берудің даму бағытын сөз етті.

Қазақстан Республикасы-

ның Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев сөз сөйлеп, қабылданып жатқан жүйелі шаралардың арқасында бірнеше жыл бойы халықаралық рейтингтерде еліміздің білім беру саласында оң өзгерістер байқалғанын айтты.

– Мәселен, «Білім» факторы бойынша IMD цифрлы бәсекеге қабілеттілік рейтингінде (Institute for Management Development – Халықаралық басқарушылық даму институты, Лозанна, Швейцария) Қазақстан өз нәтижесін 6 позиция жақсартып, 30-орынды иеленді. «Білім беру саласына жұмсалатын қаржы» факторы бойынша еліміз 33-орынға шықты. 2021 жылы еліміз 62-орында болған еді. 2023 жылы мемлекеттік бюджеттен білім саласына жұмсалған қаржы көлемі 2020 жылмен салыстырғанда екі есеге артып, 5,5 трлн теңгені құрады. Адами капитал көрсеткіші бойынша жаһандық инновациялар индексіне нәтижелеріміз айтарлықтай жақсарды. 2018 жылы 71-орында болсақ, 2022 жылы 60-орынға көтерілді. Жалпы мемлекет барлық деңгейде сапа мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін қолдан келгенін барлығын жасайды. Сондықтан өскелең ұрпақтың алған білімі мен іскерлік қасиеті еліміздің негізгі күшіне айналуы тиіс. Осы мақсаттарға жету үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қабылданды, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы және басқа да стратегиялық құжаттар жүзеге асырылуда, – деді Ғани Бектайұлы өз сөзінде.

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Жаңа 2023-2024 оқу жылы 25 мамырда аяқталады. Бұл туралы Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова хабарлады.

* Министр Ғ.Бейсембаевтың айтуынша, биыл 1 қыркүйектен бастап барлық білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы (ата-аналар академиясы) жұмысын бастайды.

* 1 қыркүйектен бастап 2023-2025 жылдарға арналған біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру басталады. Ол жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған және 5 млн білім алушыны, сондай-ақ, ата-аналар мен жұртшылықты қамтиды.

* Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша баланы кезекке қою және мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдауға жолдама алу бойынша мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету үшін есепке алудың бірыңғай базасы құрылады.

* Мектептегі буллинг, қауіпсіздік мәселесіне байланысты 7 мың мектепке құзырлы министрліктерден мамандарға келіп немесе оқушылар оларға барып, тиісті мағлұматты алады. Мектеп бағдарламасына Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктерінің оқу дәрісі енгізіледі.

* Академиялық дербестік шеңберінде колледждер білім беру бағдарламаларының мазмұнын, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін оқыту мерзімін айқындайды. Студенттерге еңбек нарығына шығу үшін 3 біліктілікке дейін алуға мүмкіндік берілді.

* Колледж студенттерін ынталандыру мақсатында биылғы қыркүйектен бастап стипендияны кезең-кезеңімен екі есеге ұлғайту көзделген (2023 жылы – 50 пайызға, 2024 жылы – 100 пайызға).

БІЛІМ. БАҒЫТ. БОЛАШАҚ

25 тамызда 20 өңірдің қатысуымен бірыңғай республикалық пленарлық сессия онлайн-режимде өтті. Тамыз кеңесінің алғашқы күнінде 12000 педагог офлайн, 20000 педагог онлайн, барлығы 32 мың адам болса, кеңестің екінші күнінде 1000 адам офлайн,

барлық өңір мен республикалық маңызы бар қалалардан 11000 білім қызметкері қатысты. Тамыз кеңесінде мемлекеттік органдар қызметкерлері, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйым өкілдері, білім саласының ардагерлері, педагогтар, ата-аналар, БАҚ өкілдері де болды.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова тамыз кеңесіне қатысушыларға Қазақстан Республикасы Президентінің атынан құттықтау сөзін жеткізді.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев өткен оқу жылының қорытындысын, қазіргі жағдайды және жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған міндеттерді баяндап берді.

Екі апта бойы панельдік сессияларда педагогтар мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім берудегі өзекті мәселелерді, балалардың қауіпсіздігін қорғау және білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелерін талқылады.

Кеше ҚР Тұңғыш Президентінің мұражайында тамыз кеңесі аясында «Жайлы инфрақұрылымды қалыптастыру» бағыты бойынша пленарлық сөз сөйледі. Оған офлайн және онлайн режимде 11 мыңға жуық мемлекеттік және жекеменшік ұйымдардың басшылары, еңбек ардагерлері, педагогтар, өңірлерден келген әкім орынбасарлары, мәслихат хатшылары, білім, экономика, құрылыс, қазынашылық басқармаларының басшылары қатысты.

Сессияның негізгі спикерлері ретінде Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Премьер-министр орынбасары Тамара Дүйсенова сөз сөйледі. Олар педагогтар алдындағы жаңа міндеттер мен жауапкершілік туралы айтты. Олар онлайн-трансляция арқылы қатысты.

– Сапалы білім – қарқынды дамудың басты шарты, сондықтан адам капиталы мен сапалы білімге қойылатын талаптар жоғары болатынын ел Президенті қадап айтты. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша облыс, қала әкімдері мен білім саласы қызметкерлерінің алдағы атқару міндеттерін нақтылап,

қорытындылайтын боламыз, – деді Тамара Дүйсенова.

«Жайлы инфрақұрылымды қалыптастыру» тақырыбындағы бірыңғай республикалық пленарлық сессиясын Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек модератор ретінде жүргізіп отырды.

– Халқы тығыз орналасқан Астанадағы сұраныс бойынша жылына 10-15 мектеп қажет. «Жайлы мектеп» жобасының бізге көп көмегі тиіп отырғанын айтуымыз қажет. Ағымдағы жүктеме проблемасын шешіп қана қоймай, болашақта мектептегі орын тапшылығы мәселесін толығымен жояды деген үміттеміз, – дей келе, Жеңіс Махмұдұлы модератор ретінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде әдіснамалық сүйемелдеу және мүдделі тараптардың жұмысын үйлестіру тақырыбы бойынша Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспаннның баяндамасын тыңдауға шақырды.

– Педагогика мамандарына бүгінгі таңда сұраныс ұлғайып отыр. Қазір педмамандықтар бойынша жергілікті бюджет есебінен 4 мыңнан астам мемлекеттік грантпен жастар білім алуда, бірақ бұл кадрларға деген қажеттілігімізді толық шешпейді, осыған байланысты Мемлекет басшысы шілде айында Астанада педагогикалық университет ашу туралы тапсырма бергені белгілі, – дей келе, қала әкімі сол жайында, педагог кадрларды даярлаудағы жаңашылдық жайлы айту үшін Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұловқа сөз берді.

Сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының іске асырылуы бойынша «Samruk-Kazyna Construction» АҚ басқарма төрағасы Мәулен Айманбетов, қосымша білім беру саласына бюджеттен тыс инвестицияларды тарту, елордадағы SANA инновациялық оқушылар сарайының тәжірибесі туралы «Damu Development Group» консорциумының тен құрылтайшысы Абзал Сағымбаев, оқытуға жайлы жағдай жасау бойынша халықаралық тәжірибені айту үшін доктор, профессор, білім саласындағы халықаралық эксперт (Сингапур) Нг Дэвид мырза сөз сөйледі.

Білім беру жүйесіндегі табыстың құпияларымен шетелдік спикерлер бөлісті. Мектеп ренновациясы, Эстония мемлекетінің тәжірибесі туралы Эстониядан келген білім беру технологы, доктор, профессор, Сингапур мемлекетінің білім саласындағы халықаралық сарапшысы Нг Дэвид және TKVG білім беру технологы, Эстония мүгалімдерін оқыту бойынша жаттықтырушы Людмила Рождественская өз тәжірибесімен бөлісті.

Іскерлік бағдарлама барысында қатысушылар білім беру саласындағы басты үрдістерді, сапалы білім берудің қолжетімділігін, сондай-ақ, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысын талқылады.



Таңатар
ТӨЛЕУФАЛИЕВ

Сөйтсе, ол сөз жүзінде айтылғанымен, іс жүзінде «бір қайнауы ішінде» әлі пісіп-жетілмеген шикі тұжырым болып шықты. Сосын келді де, ұялған тек тұрмастың керімен, бастамашылар оны ПИК-пен қатар қапталдаса жүргізуді ұсынды. Нақтырақ айтқанда, «МИБ-ке көшіп үлгірмегендер ПИК болып қала берсе де заңды болады» деп қос құрылымға бір мезгілде рұқсат беріп қойды. Бірақ келе-келе МИБ-ке көшкендердің ішкі жұмысты ұйымдастырудағы мүмкіндігінен, мүлік иелерінің өзара келісімдерінен ши шыға бастады. Айналып келгенде, бұл тұрғын үй реформасының қателік екені тайға таңба басқандай айқын болды. Мұны еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған кеңесте Мемлекет басшысы да «Реформа шын мәнінде, елімізде МИБ институтын енгізуге бағытталуы керек еді. Бірақ көздеген мақсатына жете алмады. Қазір көптеген жерде МИБ-пен қатар ПИК-тер де жұмыс істеуде. Біз осы тұрғын үй саласына жүргізілген реформадан қателестік» деп атап көрсетті.

БАСТЫСЫ «КОНДОМИНИУМ» ЕДІ

Әрине, жұмыс жүріп жатыр. Алайда көп қабатты тұрғын үйлердегі басқару құрылымдары тұрғындарға әлі түсініксіз болып келеді.

Пәтер иелері кооперативі жұмысын «аяғынан тең басқан керемет еді» деп мақтамағанмен, онда қалыптасқан жүйе бар-тұғын. Сондықтан жұрттың барлығы ПИК-тің кемшіліктерін мойындай тұрып, бірақ оның тәжірибесінен бас тарта алмай қалды. Әрине, көптеген жерде ПИК төрағалары тұрғындардан жиналған ақшаны қалталарына басып отырғаны жасырын емес. Әлі де жымқыруы жалғасып келеді. Дегенмен, ПИК-тің бір тиімділігі, ол – кондоминиум еді.

Еліміздің Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 312 мың көпқабатты үйдің пәтер иелері барлық техникалық орынжайды үлестік меншікке кондоминиум формасын қолдана отырып бөліп алған екен.

Кеңес заманында пәтерлер мен техникалық орынжайлар мемлекет меншігінде болғаны белгілі. 1994 жылғы елдегі жаппай жекешелендіру кезінде ең алғаш рет пәтер иелері кооперативі (ПИК) құрыла бастады. Сонымен қатар 1990 жылы жазылған «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңда кондоминиум арқылы басқару түрі алғаш рет қолданысқа енгізілді. Дегенмен, жылдар өте келе ПИК өзінің өміршеңдігін көрсетіп, көпшілік осы ПИК-ке тоқтады. Сол кезде Қазақстанда сегіз мың ПИК жұмыс істепті. Алайда соңғы жылдары бұл құрылымға да көңілі толмайтындыр көбейіп кетті де, аяқ астынан реформа жүргізіміз деп, МИБ басқару құрылымы ұсынылды. Бірақ бұл да түпкілікті ойландырылмаған жүйе болып шықты.

2019 жылы жоғарыдан «Тұрғын үй қатынасы туралы» ҚР заңына өзгерістер енгізу керек» деген нұсқау түсті. Тұрғындарға осы салада – заңды тұлға ұйымынсыз қарапайым серіктестік немесе меншік иелері бірлестігі сияқты екі түрлі басқару формасының бірін таңдау мүмкіндігі берілді. Ал ПИК-терді 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін жою жөнінде міндеттемелер алынды.

Алайда, қазір айқын көрініп отырғандай, МИБ-те халықтың тарапынан қолдау таба қойған жоқ. Ол экономикалық жағынан



ПИК ПЕН МИБ: ҚАЙСЫСЫ ТИІМДІ?

Астанада пәтер иелері кооперативі ондаған жыл бойы жұмыс істеп келді. Белгілі бір жұмыс тәжірибелері де қалыптасты. Алайда осыдан үш-төрт жыл бұрын жоғарыдан құрылған белгілі бір бастамашы топ «бұл салаға реформа керек» деген желеумен мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ) дегенді ойлап шығарды. Айтуларынанша, ол өз алдына саланы дамытып, өркендететін, жұмыс бағыттарын қалыпқа келтіріп, реттейтін болмысы бөлек құрылым болуы керек еді. Дегенмен, осы қолға алынған ұсынысты нақты өмірлік тәжірибеге енгізу ұзаққа созылып кетті.

тиімсіз, басқару тетігі түпкілікті ойландырылмаған асығыс шешім екені байқалды.

Мәселен, бір көпқабатты тұрғын үйге бір МИБ құрылады. Ал ПИК-терде он көпқабатты үйге ортақ бюджетінен, яғни он мың пәтер иесінің жарнасынан төрағаға, есепшіге, аула сыпырушыға еңбекақы төленетін. Ал МИБ-те бір көпқабатты үй осы ауыртпалықты жалғыз өзі көтеруге мәжбүр болады. Сонда 2021 жылға дейін елімізде сегіз мың үй басқармасы болса, енді ол сегіз жүз мыңға дейін өсіп

бірлестігіне әу бастан қарсы шыққандардың бірі. «ПИК-ті МИБ-ке ауыстыру, сол арқылы тұрғын үй реформасын жасау кімге керек болды екен?» дейді ол.

«Бұл барып тұрған халықты қанау болды. Меніңше, бұл жерде қателік емес, біреулердің алдын ала ойландырылған алаяқтығы жатыр.

Бұрын тариф пәтеріміздің әр шаршы метріне елу теңгеден еді. МИБ-ке көшкелі ол 75 теңгеге өсіп кетті. Сосын әр шаршы метріне 5 теңгеден мақсатты

түйткілдерімізді айтып, түйінді мәселенің шешімін бірігіп шешейік, басқосайық, жиналайық» десек, бес-алты адамнан басқа ешкім келмейді. Осыны байқаған төраға айналасына өзімен мүлделес, жақын адамдарын жинап алып, дегенін істеп жүр» дейді қала тұрғыны.

Бұл енді барлығына болмағанымен, көпшілік ПИК-тер мен МИБ-терге тән құбылыс.

Кеткен кемшіліктер, жіберілген қателіктер жөндеуі керек. Мамыр айында Қазақстан Республикасы Парламенті қабылдаған және осы жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген заңнамаға енгізілген түзетулер көпқабатты тұрғын үйлер тұрғындарының осы айтылған мәселелерін реттейтініне сенім мол.

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығына реформа жүргізу жұмысы одан әрі жалғасары сөзсіз. Тек ол баршаға бірдей тиімді болатындай негізде жүзеге асырылуы қажет. Көпқабатты тұрғын үйлерді басқару қай кезде де оңай болмаған. Бұл жерде меншік иелерінің ынтымағымен қатар, ашықтық, істелген жұмыстың сапасы үлкен рөл атқарады.

Ашықтық дегенде пәтер иесі кез келген сәтте үйді күтіп ұстауға өзі берген жарнаның қайда және қанша жұмсалатынын біліп отырса, әрі жүйелі түрде коммуналдық қызмет үшін төленетін ақынның мақсатты пайдаланылатына көз жеткізе, адамдардың сенімділігі арта түсері сөзсіз.

«Пәтер иелері кооперативі ескірген жүйе, енді жаңа жүйені жандандыру керек» дейтіндерге барлығын сараптап, қателіктерді заңға сәйкес қалпына келтіруге аз ғана уақыт берілді. Осы уақыт аралығында құзырлы органдар барлық түйткілді мәселені шешуі керек. Өйткені халық жаңа реформадан нақты нәтиже күтеді.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТТАҒЫ ҚАТЕЛІГІМІЗ НЕДЕ?

Соңғы жылдары елорда халқының саны 60 пайызға жуық өскені айтылып жүр. Өйткені, еліміздің өңірлерінен көшіп келіп жатқандар көп. Мәселен, 2022 жылы бұл қаңтар-қыркүйек айларында Астанаға 55,8 мың адам қоныс аударыпты. Негізінен алғанда, елордаға солтүстік, орталық және шығыс өңірлердің тұрғындары көшіп келеді. Алайда, бас қаланың инфрақұрылымы жыл сайын көші-қон ағынына төтеп бере алмайтыны анық. Бұл жерде демографиялық және миграциялық бірқатар мәселе бар. Соларға өзімізше сараптама жасайық.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

АСТАНА «РЕЗЕҢКЕ» ҚАЛА ЕМЕС

Урбанизация үдерісінің қазіргі қарқыны сақталатын болса, елорда халқының саны 2030 жылға қарай 2-2,5 миллион адамға жетуі мүмкін. Инфрақұрылымның дамымағанын Мемлекет басшы Қасым-Жомарт Тоқаев та сынға алды. «Қала тез үлкейіп келеді. Сол себепті қазіргі таңда Бас жоспарға қойылатын талаптар жиі бұзылады. Сондықтан ин-женерлік инфрақұрылымды кешенді түрде дамыту – басты міндет. Алайда бұл бағытта бірқатар мәселе бар. Атап айтқанда, әкімдік ЖЭС-3-ті пайдалануға бере алмай келе жатқанына 10 жылдан асты. Жобаны аяқтау мерзімі бірнеше рет шегерілді. Бұл оның 53 миллиард теңгеге қымбаттауына себеп болды. Аталған мәселе 2019 жылы көтерілді. Бірақ нысанның әзірлік деңгейі бұрынғыдай 83 пайызды құрап отыр. Нәтижесінде, қазір елорда 300 гигакалорийден астам жылу энергиясы тапшылығынан зардап шегіп отыр» деді Президент Астананы дамыту мәселелеріне арналған жиында.

Демек, демографиялық және көші-қон саясатына басын қатыратындар бас қаланың халқын алдағы уақытта белгілі бір көлемде шектеуді қаперінде ұстайтыны белгілі. Себебі, жылуға, ауыз суға және электр қуатына тапшылық болса, халықтың

саны өскен сайын оның да көрсеткіші ұлғая береді. Бас жоспарда бұлардың бәрі міндетті түрде ескерілуі керек. Көші-қон ағынын ешкімнің де тоқтата алмайтыны айдан анық.

Биыл елордаға 25 жыл толды. Осы аралықта халық саны 4-4,5 есеге дейін өсті. 1998 жылы бұл жерде 326 мың адам болса, қазір 1 млн 300 мың адамға жуықтады. 2013 жылы елорданы дамытуға қатысты жиын өткізген Тұңғыш Президент Н.Назарбаев былай дегені есімізді: «Мен Астана халқының санын миллиондарға жеткізіндер деген жоқпын. Бұл жерде алдағы уақытта гимараттар, тұрғын үйлер салына береді. Бірақ ол халық санын өсіру үшін емес, қаланы тұрғындарға жайлы, қолайлы етуіміз үшін, тұрғындарға ең сапалы өмір сүру жағдайларын қалыптастыру үшін жүзеге асырылады». Алайда, 10 жыл бұрын берілген бұл тапсырма толық орындалған жоқ. Арадағы 10 жылда елорда халқының саны 800 мыңнан аса адамға өсті. Демографиялық және көші-қон саясатындағы қателіктің бірі осы. Ел Үкіметі үш ірі мегаполис: Астана, Алматы және Шымкентке балама Астананы дамыту жөнінде жағдай жасай алмай отыр. Сол себептен, өңірлерден көшетін ел-жұрт негізінен Астананы таңдайды. Себебі, бұл жерде орташа жалақы көлемі 300-360 мың теңгенің көлемінде. Ал Солтүстік Қазақстан облысында 170-200 мың теңге көлеміндегі жалақы әлі өспей отыр.



ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБА



1 қыркүйектен бастап Президенттік жастар кадр резервіне үшінші мәрте іріктеу жүргізіледі. Азаматтарды іріктеу 6 кезеңнен тұрады. Биылғы іріктеу барысында мемлекеттік аппараттың салалық кадрларға қажеттілігі ескеріледі. Бұл туралы елорданың коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Әли Көмекбаев мәлімдеді.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Биылғы іріктеу инфрақұрылым, өнеркәсіп және сауда саясаты, агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау, сыртқы саясат пен инвестициялар, экономикалық және қаржы саясаты, цифрландыру, әлеуметтік саясат және азаматтық қоғамды дамыту салалары бойынша жүзеге асырылады. Үміткерлермен әңгімелесу міндетті түрде салалық орталық органдар өкілдерінің қатысуымен өтеді. Іріктеуге жоғары білімді, бес жылдық жалпы жұмыс өтілі бар, 35 жастан аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Олар мемлекеттік тілді В1-ден төмен емес деңгейде меңгеруі тиіс.

«Кандидаттардың құжаттарын қабылдау қыркүйектің аяғына дейін pkrezev.gov.kz сайтында жүзеге асырылады. Іріктеу объективтілігін қамтамасыз ету үшін кандидаттардың деректері жеке нөмір беру арқылы жасырылады. Яғни, бағалаушылар үшін үміткердің кім екендігі беймәлім болады. Екінші кезеңде

үміткерлер тестілеуден өтіп, онда олар күрделі мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеттерін көрсетеді. Тестілеу аудио-бейне фиксациямен өтеді. Өту шартының сақталуы қамтамасыз ету прокторинг жүйесімен қадағаланатын болады. Келесі кезең таңдаған салалық бағыттарына байланысты ситуациялық тапсырмалар түріндегі нақты проблемаларды шешуге деген көзқарасын бағалауға бағытталады. Аталған кезең онлайн-режимде аудио-бейне жазбамен сүйемелденіп, эссе жазу форматында жүргізіледі. Орындалған тапсырманың шешімін бір уақытта тиісті бағыттар бойынша үш салалық сарапшы бағалайды. Сарапшылар пулы академиялық орта мен бизнес-қоғамдастық өкілдерін, мемлекеттік қызметшілерді қамтиды. Төртінші кезең ассессмент-орталығы мен құзыреттер бойынша сұхбаттан тұрады. Сарапшылар мінез-құлық индикаторлары арқылы кандидаттардың бойындағы көшбасшылық, мәселелерді талдау және шешу, қызметті басқару, белсенділік құзыреттерін

анықтайды. Үміткерлер топтық және жеке тапсырмаларда бағаланады. Кәсіби HR менеджерлері әр үміткермен сөйлеседі, ішкі уәждемесін және құндылық бағдарларын айқындайтын құзыреттерді анықтайды. Содан кейін резервшілермен сараптамалық комиссияда әңгімелесу өткізіледі. Оның құрамына қатысушылардың жеке нәтижелерін түсіндіре отырып ұсынатын мемлекеттік органдардың басшылары кіреді. Сарапшылардың қорытындысы бойынша Ұлттық комиссия отырысында қарауға ұсынылатын қатысушылардың тізімі жасалады. Соңғы кезеңде Ұлттық комиссияның отырысы өтіп, Президенттік жастар кадр резервіне үздік 50 кандидат қабылданады. Ол осы жылдың 25 желтоқсанына дейін өткізіледі деп жоспарланып отыр. Ережеге сәйкес, резервте болу мерзімі 3 жылды қамтиды. Резервке алынған адамдар заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік саяси лауазымдарға, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына, «Б» корпусының басшылық және А санаттар тобының лауазымдары

на тағайындалуы мүмкін» деді департамент басшысы.

2019 және 2021 жылдары резервке алынған 350 адамның 264-і мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарында жұмыс істейді, яғни жалпы санның 75%-ы жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 128 адам орталық мемлекеттік органдарда, 38 адам жергілікті атқарушы органдарда, 57 адам ұлттық компанияларда, 41 адам өзге ұйымдарда қызмет атқаруда. Сондай-ақ олардың қатарында 31 резервші саяси лауазымдарға, 6 резервші «А» корпусының лауазымдарына тағайындалса, бір резервист Парламент Мәжілісінің депутаты және 2 резервист мәслихат депутаты болып қызмет атқаруда.

«Елорда бойынша айтсақ, 2020 жылдың басынан бастап бүгінгі күнге дейін Астана қаласының әкімдік құрылымында Президенттік жастар кадр резервінің 15 резервшісі жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 3 адам жұмысын жалғастыруда (саяси лауазымда – 1, «Б» корпусында – 2), қалған 12 адам басқа лауазымдарға орналасуына байланысты жұмыстан шықты. Сонымен қатар, әкімдікте жұмыс істейтін 5 резервші жоғары басшылық қызметке және саяси лауазымдарға тағайындалғанын атап өткен жөн» деді Ә.Көмекбаев.

Брифинг барысында департамент басшысы аталмыш жобаның маңыздылығына тоқталып, мемлекеттік басқару жүйесінде үздіксіз білімнің қажеттілігін алға тартты.

– Жастарды ел игілігіне тарту – бүгінгі күннің маңызды мәселесінің бірі. Осы орайда Мемлекет басшысы мемлекеттік басқару жүйесіне жастарды тарту мақсатында осы жобаға аса назар аударып отыр. Елге өзгеріс әкелетін әрбір жас жарқын болашақтың негізгі тетігі саналады. Сол үшін де жастар Президенттік жастар кадр резервіне қатысу мүмкіндігін жіберіп алмауы керек. Өйткені, бұл жоба үлкен мүмкіндіктерге жол ашады, – деді ол.



АТА ЗАҢҒА АРНАДЫ

Бас қаладағы «Отан қорғаушылар» монументі алаңында Алматы ауданының ардагерлер кеңесі Ата заң күні құрметіне флешмоб өткізді. Оған 300-ден аса ата-әже қатысты.

Қариялар біркелкі ұлттық киіммен шығып, алаңды жайнатып жіберді.

– Былтырғы референдумда бүкіл халық, оның ішінде ардагерлеріміз де қатысып, Ата заңның үштен бір бөлігіне өзгеріс енгізілді. Ол Мемлекет басшысының Жаңа Қазақстанды құруына, экономикамызды жаңғыртуына бағытталды. Маңызды іске ардагерлеріміз де белсенді атсалысты. Міне, бүгін сол Конституциямызды қолдау үшін үлкен іс-шара ұйымдастырылды. Менің риза болатыным – 70-80 жастағы қариялардың белсенділігі.


Міне, тойға келгендей жиналып, көз қуантып тұр, – деді Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин.

«Ауқымды іс-шара қалада алғаш рет өтіп отыр. Оған мен «Елорда» халықтық қор жетекшісі және Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің мүшесі ретінде қатысып отырмын» деді Үміт Дүйсенова.

«Ардагерлердің ішінде өнерпаз да, спортшы да бар. Олардың үйде отырып қалмай, осылай көпке үлгі-өнеге болатыным – 70-80 жастағы деді ардагер.

ГАЗ БАЛЛОН – ҚАУІП КӨЗІ

Газ жабдықтарын күнделікті тұрмыста пайдалану қалыпты жағдай болып қалды. Алайда оны пайдалану ережелері туралы еш ұмытуға болмайды. Өйткені оның ақаулығы немесе оны дұрыс қолданбау нағыз қайғылы жағдайға себеп болуы мүмкін.



Қазіргі таңда газ баллон әсерінен болып жатқан өрт саны аз емес. Жыл сайын газ баллон қондырғыларының жарылуы себебінен 30-ға жуық оқиға тіркеліп, 10-ға жуық адам қаза тауып, 50-ге жуық адам жарақат алады. Ол елеулі мүлкілік шығындарға, адамдардың ауыр жарақат алуына және қаза болуына әкеп соғуы мүмкін. Мысалы, ағымдағы жылдың 5 тамызында Астана қаласының «101» өртке қарсы қызметіне газ баллонының жарылғаны туралы хабарлама келіп түскен. Нәтижесінде үш адам (олардың екеуі – бала) ауыр жарақат алып, ауруханаға жеткізілді.

Осындай оқиғаларды болдырмау үшін Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті тұрмыстағы газ баллонды дұрыс қолдану ережелерін сақтауын сұрайды: – Баллондарды сақтау орнының айналасында 10 м

қашықтықта жанғыш материалдарды сақтауға және отпен жүргізілетін жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді;

– Баллондар орналастырылатын шкафтағы жанбайтын материалдардан жасалады;

– Жанғыш газдары бар баллондар оттегі, сығылған ауа, хлор, фтор және улы газдары бар баллондардан бөлек сақталады;

Газ оны дұрыс пайдаланбаған жағдайда ғана қауіпті. Егер жағдай бақылаудан шықса, «101», «112» телефоны арқылы өртке қарсы қызметіне хабарласу керек.

Е.ПОЛАТОВ,
Астана қаласы
Төтенше жағдайлар
департаменті Мемлекеттік
өрт бақылау басқармасының
аға инженері, азаматтық
қорғау лейтананты

ӨҢІРЛЕР ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

Жастар сарайында «Еңбек мобильділігі орталығы» кезекті бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастырды.



**Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ**

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыз азаматтарды, пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шарасының бірі – бос жұмыс орындары жәрмеңкесі. Компания өкілдері келіп, кәсіпорынның мүмкіндігін таныстырып, білікті, белсенді кадрларды алуға мүмкіндігі

бар. Міне, елордада кезекті рет өткен жәрмеңкеде осындай үйлесімді жұмысты көрдік.

– Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі – жұмысқа орналасуға көмектесудің тиімді әдісінің бірі. Жыл басынан бері 29 жәрмеңке ұйымдастырылды. Бұл жолғы іс-шараға 56 компания 281 мамандық бойынша 781 вакансия ұсынды. Қаржы, білім беру, медицина, техника саласы мамандарына сұраныс жоғары. Бүгінгі іс-шараның

ерекшелігі – елдің төрт өңірінің мобильділігі орталығы өкілдері келіп, астаналықтарға жұмыс ұсынып, көші-қонның мән-маңызын түсіндірді, – деді Олжас Омар.

Біз жұмыс ұсынған компания өкілдерімен сөйлесіп көрдік. Халықаралық әуежай 10 вакансияға 20 маманды іздейді. «Astana Recycling Plan» ЖШС, «Modex Astana» ЖШС, «Clean City NC» ЖШС, «IS Group» ЖШС, «City Transportation Systems» ЖШС, «Bazis Construction» ЖШС, «MetalFormer» ЖШС және тағы басқа іргелі компаниялар оператор, менеджер, инженер, экономист, заңгер, диспетчер, электрик, құрылысшы және тағы басқа мамандарды қажет етеді. «Халық банк» АҚ, «Kaspi bank» АҚ, «Fortebank» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Астана Тазалық» ЖШС, «Салауатты Астана» ЖШС өкілдері жұмыс істеп жүргендерді өзіне шақырып, бос жұмыс орындарымен таныстырды.

Бізді өзге өңірлерде қандай жұмыс орындары бары қызықтырды. Сөйтіп, Абай облысы Жұмыспен қамту басқармасы көші-қон бөлімінің бас маманы Дархан Аюповпен сөйлестік. Оның сөзінше, жаңадан құрылған облыста бос жұмыс орындары көп. Әсіресе елді

мекендерде жайлы жұмыс табуға мүмкіндік бар.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының двайвері» ұлттық жобасы бойынша елордадан өзге өңірлерге қоныс аударған жағдайда, отбасының әрбір мүшесіне 241 мың теңге көлемінде көмек беріледі. Егер отбасында үш адам болса, онда көшіп барғаны үшін 724 мың, төрт адам болса 966 мың, бес адам болса 1 миллион 207 мың теңге қарастырылады. 6 адамға – 1 миллион 449 мың теңге, 7 адамға – 1 миллион 690 мың теңге, 10 адамға 2 миллион 415 мың теңге бөлінеді. Одан бөлек, үйді сатып алуға алғашқы жарна ретінде 4 миллион теңгенің ұтқырлық сертификаты беріледі.

– Жыл басынан бері Абай облысына оңтүстік өңірлерден 206 адам қоныс аударса, 126 қандақ көшіп келді. Олармен 5 жылға келісімге отырып, тиісті жәрдем көрсетілді. Жалпы көшіп келушілер өңірдің аудандары мен қаласында қоныс аударып, көшіп-қонып жүруіне мүмкіндігі бар, – деді Дархан Аюпов.

Қарағанды облысының Ақтоғай, Нұра ауданы, Ұлытау облысының Жаңаарқа, Ұлытау ауданы, Павлодар облысының Шарбақты және СҚО-ның Есіл ауданының өкілдері астаналықтарды жұмысқа шақырды.

№101 (4534) 26/08/2023 Сенбі

Астана қаласының Музыкалық жас көрермен театры ұсынған «Гауһартас» спектаклі қалың көрерменнің сүйікті қойылымына айналды. Дулат Исабековтің қаламынан туған ең алғашқы тырнақалды прозалық туындысы «Гауһартас» повесі екені белгілі. Бұл шығарманы қаламгер 1967 жылы 25 жасында әскерде жүргенде жазған екен.



«ГАУҲАРТАСТЫ» КӨРЕЛІК

Ал осы «Гауһартас» повесінің жазылуына Мәскеу түбінде әскерде болғанда радиодан Бибігүл Төлегенованың орындауында естіген «Гауһартас» әні түрткі болыпты.

Жазушының қаламынан туған осы ерекше туынды Кеңес уақытында әдебиетсүйер қауымның ыстық ықыласына бөленіп, тілге оқырман тілегімен 5 тілге аударылған. Ал 1975 жылы Шәріп Бейсембаевтың режиссерлігімен «Қазақфильм» студиясы «Гауһартас» фильмін көгілдір экраннан көрерменге тарту етті.

Менің айтайын дегенім, араға шамамен жарты ғасыр салып «Гауһартас» көрерменге басқа бағытта, басқа жанрда жол тартты. Енді Дулат Исабековтің «Гауһартасы» киелі театр сахнасы төрінен көрінді. Был ақпан айында елорданың Музыкалық жас көрермен театры көрермен назарына «Гауһартас» музыкалық драмасын ұсынды. Жалпы бұл идеяның авторы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Асхат Маемиров болды. Режиссер арнайы Алматыға барып, жазушымен кездесіп, өз ойымен бөлісіп, ақ батасын алып қайтқан. Содан кейін театр

ұжымы алты айдай спектакліне қызу дайындалған. Дайындық барысында әлеуметтік желіге салынған спектакльдің үзінділері көптеген қаралым жинап, халықтың қызығушылығын оятқан. Соның арқасында премьераның алғашқы күндері билеттер бірден өтіп кетіп, спектакль аншлаптен басталды.

Дулат Исабеков шығарманың авторы ретінде Алматыдан арнайы келіп, спектакльді тамашалады. Тіпті актерлердің өздері туынды авторының алдында спектакльде ойнау үлкен жауапкершілікті қажет ететінін және қобалжу болғанын жасырмады. Алайда жазушы-драматург Дулат Исабеков: «Спектакльді көріп отырып, көзіме қанша рет жас алдым. Сценарийді оқып шыққаннан кейін қалай шығар екен деп ойлады. Жазу деген бір басқа, сахнаға шығару деген бір басқа. Мұндағы хор, ән – бәрі де өте орынды. Режиссер бәрін орын-орнымен пайдаланған. Салтанаттың ролі маған ерекше әсер етті. Бірде-бір актер бос жүрген жоқ. Әсіресе Қайыркенді ойнаған актер рөлге кіріп кетіп, толығымен шығармадағы Қайыркенге айналды. Бүгіндей алғанда, спектакль өте жоғары дәрежеде шықты» деп оң бағалап, театр ұжымына ақ батасын берді.

«Гауһартас» спектаклін алғашқылардың бірі болып көру бақыты маған да бұйырды. Шыны керек, бұл спектакль мен көрген спектакльдердің ішіндегі ең үздігі десем артық емес. Қойылымдағы әр деталь, әр реквизит бір дәуірдің атмосферасын сыйлайды. Әр актер шығармадағы әр бейнені айқын аша білді деп ойлаймын. Актерлік құрамның шеберлігінде сөз жоқ. Күлкісі, әзілі, мереке-қуанышы, қайғысы мен трагедиясы араласқан сезімдерге толы спектакль болды. Қойылымның басты кейіпкерлері: әнді сүйген жас келін Салтанат, қатал мінезді жары Тастан және ақынжанды қайынысы Қайыркен. Оқиға той-думанмен басталып, Салтанаттың өлімімен аяқталады. Спектакльді өне бойындағы әр талшығымен сезгенін сонша, жылап шықпау мүмкін емес. «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» дегендей бұл қойылымның негізгі құндылығы – жанындағы аяулы жарынды, гауһартасынды аялай білу, бағалау. «Гауһартас» спектаклінде ата-ананың ролі және отбасындағы шынайылық болғандықтан болар, көрермен көңілінен шықты. Әр қойылым сайын залда ине шаншыр орын болмады.

Астаналық театр республика

тұрғындары сұрауымен алғашқы гастроліне де шықты. Осы спектакль арқылы бұрынғы жылдардағы «Гауһартас», «Құдаша», «Келші, айым» сынды халық әндері жандана түсті. Яғни қойылымдағы «Құдаша», «Ләйлім Шырақ» әндері жасөспірімдер мен жастар арасында трендке айналып, мектеп пен колледж сахналарындағы мерекелік кештерде шырқалып жатыр. Халықтың көзайымына айналғаны сонша, елімізден әрі асып, «Құдаша» халық әні – Қытайда да трендке айналған.

Қорыта келе, жарты ғасырдай уақыт өтсе де, жаңа бағыттағы «Гауһартас» өнерсүйер көрерменнің сүйікті спектакліне айналды. Астана қаласының Музыкалық жас көрермен театры өзінің III театр маусымында көрерменнің ықыласына бөленген «Гауһартас» музыкалық драмасын қысқа уақытта 73 мәрте көрерменге ұсынған. Сіздерге де халықтың зор қошеметіне ие болған «Гауһартас» спектаклін тамашалаңыздар дегім келеді, құрметті оқырман! Олай болса, театрда жүздескенше!

Зарина ТАЙЛАҚ,
Астана қаласының
№8 мектеп-лицейінің
11-сынып оқушысы

АҚМАРАЛ – ӘЛЕМ ҮЗДІГІ

Ұлыбританияның Бирмингем қаласында IBSA Дүниежүзілік ойындары өтуде. Бұл Паралимпиада ойыны – байрақты, бәсекелі, беделді турнир. Оған әлемнің 43 елінен 250 атлет қатысуда.

Алтыншы рет ұйымдастырылған бәсекеде ел спортшылары жүлдегер атанды. 48 келі салмақта сынға түскен елордалық Ақмарал Науатбек финалда украиндық Юлия Иваницкаядан айласын асырып, чемпион атанды. 73 келі салмақтағы Ерғали Шамей күміс медальмен жанкүйерлерін қуантты. Астана қаласында жаттығатын дзюдошы Ерғали финалда Румыния өкілі Флорин Болагаға жол берді. Тағы бір жерлесіміз Бауыржан Арыстанбеков 90 келі сал-

мақта қола медальға қол жеткізді.

– IBSA Дүниежүзілік ойындары әлем чемпионатына теңестіріледі. Олай болса, біздің Ақмарал Науатбек – әлем чемпионатын екі рет ұтқан спортшы. Біздің спортшылар жоғары деңгейде өнер көрсетіп, ел намысын абыроймен қорғады, – деді Балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, мүгедектігі бар адамдарға арналған спорт мектебінің басшысы Азамат Тағаев.



АСТАНАЛЫҚ ЖАСӨСПІРІМДЕР – ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНЫ

Астанада 12 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері арасындағы Қазақстан чемпионаты өз мәресіне жетті. Еліміздің 12 өңірінен жиналған футболшылар жарысында «Астана қаласының №8 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі» командасы жеңімпаз атанды.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

«Жас батыр» стадионында өткен жарыстың іріктеу ойындарынан кейін Астана қаласының, Жамбыл және Қостанай облысы командалары чемпионат жүлделерін сарапқа салды. Бұл сында Астана қаласының «№8 БЖМОРСМ» командасы (жаттықтырушылары: Ернар Тілеуқұлов, Жамбыл Молдашбаев) ұпай санымен қарсыластырынан басым түсіп, республика чемпионы атағын жеңіп алды. Күміс жүлдені Жамбыл облыстық БЖМСМ тәрбиеленушілері ие бол-



са, үздік үштікті Қостанай облысының жасөспірімдері түйіндеді.

Чемпионат жеңімпаздарын Астана қаласы мәслихатының депутаты, қалалық футбол федерациясының президенті, Қазақстан ұлттық құрамасының бұрынғы қақпашысы Давид Лория құттықтап, үздік ойыншыларға арнайы жүлделерді тапсырды.

– Осындай жарыстар үлкен спортқа жол ашады. Чемпионаттың жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны байқалды. Жеңімпаздар бүгінгі жүлделерін құтты болсын! Алдағы уақытта да аянбай жаттығып, мақсаттарына жетулеріне тілектеспін. Сендердің араларыңнан келешекте ұлттық құраманың сапында Қазақстанның намысын қорғайтын спортшылар шығатынына сеніммен қараймын, – деді атақты футболшы жасөспірім футболшыларды марапаттау кезінде.

Астана қаласының №8 БЖМОРСМ мекемесінің директоры Дінмұхамед Құрамаев

республика чемпионы атанған балалар мен жарыста жанкүйер болған ата-аналарды, жаттықтырушыларды жеңісімен құттықтап, ризашылығын білдірді.

– Бұл жеңіс үлкен еңбек пен тәртіптің нәтижесі. Чемпион болғандарын құтты болсын! Әрине, қарсыластар да осал болмады, бірақ сендер жеңіске деген орасан жігерді көрсеттіңдер, – деді футбол мектебінің директоры Д.Құрамаев.

Ал жарыстың үздік ойыншылары болып мына футболшылар танылды:

«Үздік қақпашы» – Әлімжан Камалиев (Жамбыл облысы);
«Үздік қорғаушы» – Арнұр Мұрат (Астана);
«Үздік жартылай қорғаушы» – Нұрай Әділхан (Жамбыл облысы);
«Үздік шабуылшы» – Эльдар Жармағанбетов (Қостанай облысы);
«Үздік сұрмерген» – Әділбек Атабай (Астана);
«Үздік ойыншы» – Сүлеймен Халмұрат (Жамбыл облысы).

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №101

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ